



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 37 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2005 ЖЫЛҒЫ 18 Қ А Р А Ш А**

17.11.05 ж. келіп түскен баспасөз релизіне байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мынаны хабарлайды.

1995 жылы Түркия азаматы Хаджи Тургут Сера Тирали Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында вексель берушілері жеке коммерциялық құрылымдар болған «Казкомстройбанк» АБ коммерциялық жеке банктің векселін сатып алды. Кейіннен «Казкомстройбанк» АБ таратылды. Бірнеше жылдан кейін Түркияның осы азаматы Ұлттық Банкке борышты өндіріп алу туралы талаптар қоя бастады, оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің вексельді сатып алу және иелену барысында азамат Т. Тиралимен қандай да болмасын қатынастары болмағаны жөнінде түсінік берілді. Бұл факт туралы Түркия Республикасының Үкіметіне ақпарат берілді. Алайда осыған қарамастан, 2005 жылғы 4 шілдеде 24-ші Анкара сот шешімдерін орындау дирекциясы Қазақстан Ұлттық Банкінен өз елінің аталған азаматының пайдасына 8,5 миллион АҚШ долларын өндіріп алу жөнінде соттан тыс шешім қабылдады.

2005 жылғы 18 қазанда Қазақстан Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Түркия тарабы қабылдаған іс-әрекеттің заңсыздығы көрсетілген қажетті материалдарды жіберді.